

Бекітемін:

Мектеп директоры:  **Л.Алғазиева**

А.С.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ 2023-2024 оқу жылына арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс –шаралар жоспары

к/с	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындалуы на жауапты	Орындау мерзімі
1	Сыйайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен күресу мәселелері бойынша қарқынды жұмыстар жүргізу.	Тиісті материалдар	Мектеп әкімшілігі	Тұрақты
2	Мектеп директорының оқушылардың ата-аналары ұжымының алдында, оның ішінде білім беру үйімін ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу.	Аудандық білім бөліміне ақпарат	Л.Алғазиева О.Тастанов	15 мамырдан кешіктірмей
3	Мектеп директорының сыйайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстардың үйымдастырылуы бойынша БАҚ-да, әлеуметтік желілерде есебін үйымдастыру.	БАҚ-да, әлеуметтік желілерде есеп үйымдастыру	Л.Алғазиева О.Тастанов	Тұрақты
4	Мектеп бойынша «Адал ұрпақ» клубына тартылған білім алушылар санын арттыру, іс-шаралар жоспарын құру, олардың қатысуымен тұрақты шаралар үйымдастыру	Іс-шаралар жоспары	«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі	Тұрақты
5	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының өнірлік слеттарына қатысу.	Слеттарға қатысу	«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі	2023 жылдың 2-тоқсаны
6	Мемлекеттің сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру	Жадынамалар тарату	О.Тастанов М.Белгібаев	2023 жылдың

	мақсатында әзірлеген жадынамаларын тарату, мектептің веб-сайтында, әлеуметтік желідегі парақшаларында орналастыру.			2-тоқсаны
7	Мектепте сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар комитетімен кездесу өткізу.	Кездесу	О.Тастанов	Тоқсан сайын
8	Мектепте «OPEN SPACE» кеңістігінің қағидатын енгізу. <i>(Мүмкіндігінше)</i>	Тиісті іс-шаралар	Мектеп әкімшілігі	Тұрақты
9	Олимпиаданың өту барысында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, ашықтықты қамтамасыз ету.	Бақылауды жүзеге асыру	Мектеп әкімшілігі	Жылдан 1 рет
10	Конкурстық рәсімдерге қоғамдық бақылауды күшайту.	Қоғамдық бақылауды күшайту шаралары	Мектеп әкімшілігі	Тұрақты
11	«Адалдық сағаттарын» өткізу	Жоспарға сәйкес	О.Тастанов	Жыл бойы
12	Мектепте өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары мен орталықтарының құрылудың қамтамасыз ету және одан әрі жандандыру.	Орталықтар құру	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
13	Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінен келіп түскен білім беру ұйымының басшыларының тарапынан жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ұсыныстарын қарau.	Тиісті іс-шаралар	Мектеп әкімшілігі	Ұсыныстың түсуіне қарай
14	Мектепте сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау.	Талдамалық анықтама	Мектеп әкімшілігі	Жартыжылдық сайын
15	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша, мемлекеттік	Тиісті шаралар	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы

	көрсетілетін қызметті аудың ашықтығы мен жеңілдігі бойынша, халықта электронды форматта көрсетілетін қызметтерді қөбейту бойынша шаралар қолдану.			
16	Мектептің қызметіне қатысты жағымсыз жарияланымдар туралы мәліметтерді анықтауға бағытталған БАҚ-дағы жарияланымдарға, мақалаларға мониторинг жүргізу.	Тиісті шаралар	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
17	Білім саласы бойынша сыйайлас жемқорлыққа «мұлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру және сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында ақпараттық, ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізу.	Тиісті шаралар	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
18	Білім саласындағы сыйайлас жемқорлық тәуекелдері бар процестер бойынша жоғары тұрған құзіретті органдарға ұсынымдар беру.	Ұсынымдар беру	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
19	Мектепте «Адалдық дүкені» жұмысын тиісті деңгейде жалғастыру.	Тиісті шаралар	O. Тастанов	Тұрақты
20	Мектепте парасаттылық бұрышын ашу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Тиісті шаралар	O. Тастанов	Тұрақты
21	«Біз сыйлық алмаймыз!» атты акция ұйымдастыру <i>(мұғалімдер күніне орай)</i>	Акция	Мектеп әкімшілігі	2024 жылдың 3-тоқсаны

Мектеп директорының орынбасары:  O.Tastanov

«Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде өткізілген жинаалыстың

№ 1 хаттамасы

11.09.2023 жыл

Қайнар ауылы

Катысқандар - 39 адам

Күн тәртібінде:

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің № 802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» мен «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңын насиҳаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы.

Тындалды:

Мектеп директоры Л.Алғазиева күн тәртібіндегі мәселемен көпшілікті таныстырып өтті. Аталған мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Тастанов өз баяндамасында: Қазақстан Республикасы егемендігін алып, дербес мемлекет болғалы еліміздін экономикалық және әлеуметтік жағдайын көтеру, мемлекет аралық мәселелерді шешу, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында және оларды іске асыру үшін бірнеше заңдар қабылдады. Солардың бірі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы» 1998 жылдың 2- шілдесінде қабылданған №267 заң. Оның 1-бабының 1-тармағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауга сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, зардаптарды жою және кінәлілерді жауапқа тарту мемлекеттік органдардың мемлекеттік міндетті атқаратын лауазымды және де басқа адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың, тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындаپ, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болатын жағдайлары белгіленген. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 22-сәуіріндегі "Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қүшету және құқық қорғау органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №793 Жарлығының қабылдануы және Қазақстан Республикасы Президентінің №802 Жарлығымен бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын насиҳаттау курес саласындағы саясатты одан әрі қуаттандырудың көрінісі болып табылады. Сыйбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларда осы бағыттағы іс-шараға бұқара халықты тарту қоғамдық бірлестіктермен жұмыс алып бару, құқық бұзушылықтың алдын алууды жүйелі негізде жүргізу міндеттері мемлекеттік қызметіші өз қызметінде тиісті этикалық және заннамалық нормаларды басшылыққа ала отырып, сыйайлас жемқорлықпен катал және ымырасыз күрес жүргізуге тиіс, - деп өз сезін қорытындылады.

Жиналыс қаулысы:

1. Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің № 802 Жарлығымен бекітілген КР 2022-2026 жылдарға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын насиҳаттау мақсатында сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң бұзушылықтың алтын алуға арнайы іс-шаралар жоспары түзілсін және өз деңгейінде жүргізілсін.
2. Мұғалімдердің құқықтық біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі, «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», "Қазақстан Республикасының тіл туралы", «Мемлекеттік қызмет туралы», «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Зандардың талабын түсіндіру бағытында семинарлар, құқықтық оқыту, дөңгелек үстелдер, пікір сайыстар үйымдастырылсын.
3. Мектепте сыйайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға және оқушыларға арналған «Сенім жәшігінің» жұмысы жүргізілсін және түрлі ақпараттық, үгіт-насиҳаттық парақшалар ілініп, «Сенім телефондарының» мәліметтері жариялансын.

Жиналыс төрайымы:  **Л.Алғазиева**

Жиналыс хатшысы:  **М.Жусипбекова**